

Бекітілген:

Маңғыстау облысы білім
басқармасының Мұнайлы ауданы
бойынша білім бөлімінің
«Аяжан» жекеменшік балабақша
педагогикалық әдеп
жөніндегі кеңесі
2025 жыл «05» 01



Келісілді:

Маңғыстау облысы білім
басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша
білім бөлімінің
«Аяжан» жекеменшік балабақша
педагогикалық кеңесі
жөніндегі кеңесі
2025 жыл «05» 01

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары

2025-2026жж

Жалпы мақсаттар:

Балабақша педагогтарының педагогикалық этикасы мен кәсіптік мінез-құлқының негізгі нормаларының сақталуын үйлестіру және мониторингілеу.

Міндеттері:

1. «Аяжан» жекеменшік балабақшасының әкімшілігі, педагогтары мен жас мамандары арасында бірлескен ортаны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.
2. Тәрбиеленушілердің білімі мен тәрбиесінің сапасын жақсарту үшін әкімшіліктің, педагог қызметкерлердің балалармен, олардың ата-аналарымен, жергілікті қоғамдастықпен кәсіби қарым-қатынасын реттеу.
3. Шешім қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Нормативтік-құқықтық актілер:

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. бірге және 11.12.2023 жылғы қосымша
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы. 19.04.2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы 16.11.2023 ж. және қосымша
5. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. бірге және қосымша 01.07.2023
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарындағы өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығымен бекітілді (ҚР ӘМ нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде 2024 жылғы 2 сәуірде №34217 болып тіркелді (бұдан әрі-Қағидалар)
7. ҚР БҒМ 11.05.20 №190 «Педагогикалық әдепті бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді- 14.07.2023

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары

№	Негізгі іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Көрсеткіш/нәтиже
1.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025 жылға арналған қызмет жоспарын әзірлеу және бекіту	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы, директор	қыркүйек	Жоспар
2.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025 жылға арналған отырыстары	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері	Токсанына 1 рет	Хаттама
3.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің № 1 отырысы:	төрайымы	Қыркүйек	№ 1 хаттама
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығындағы өзгерістер мен толықтырулармен таныстыру			Ақпарат
	1. Педагогтердің 2025-2026 жылға арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту	директор		Бұйрық
	2. 2025 жылға арналған білім беру ұйымындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың жоспарын талқылау	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		Жоспар
	3.«Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті»	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Баянбекова Ш		Баяндама

4.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 2 отырысы	төрайымы	Қаңтар	№ 2 хаттама
	1. № 1 отырыстың шешімдерін орындау туралы;			
	2. Ұжымда педагогтердің қызметтік міндеттерін орындауы туралы	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		Есеп
	3. Педагогикалық әдепті бұзушылықтың алдын алу бойынша ұсынымдар	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		Ақпарат
	4. Педагогикалық ұжымның педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша әлеуметтік желілерде жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		Хаттама
5.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 3 отырысы	төрайымы	Сәуір	№3 хаттама
	1. № 2 отырыс шешімдерін орындау;			
	2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің нәтижелері туралы есеп	төрайымы		Есеп
	3. Педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша жас мамандармен әңгімелесу нәтижелері туралы	Директор, төрайымы		Ақпараттық қолдау
	4. Қағидалардың педагогикалық этикасы туралы материалдар мен ақпаратты балабақша сайтында орналастыру туралы	хатшы		Сайт
	5. «Педагог» кәсіби стандарты.	Директор, педагогикалық		Хаттама

		әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		
	6. Кәсіби мәдениеттегі этикет: педагогтардың сыртқы келбеті және педагогикалық әдептілік	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері, директор		Баяндама, ақпараттық қолдау
6.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 4 отырысы:	төрайымы	Маусым	№ 4 хаттама
	1. № 3 отырыстың шешімдерін орындау туралы;			
	2. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу туралы	директор		Хаттама
	3. Педагог қызметкерлердің 2025 жылғы педагогикалық әдеп жөніндегі қағидаларды сақтауы мониторингінің нәтижелері туралы	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		Есеп
	4. Педагогикалық ұжымдағы жанжалдардың алдын алу және шешу. Кәсіби қызметтегі қарым-қатынас этикасы.	психолог		Ақпараттық қолдау
7.	Педагогикалық әдеп бойынша кезекті отырыстарды ұйымдастыру және өткізу - педагогикалық әдептің бұзылуын анықтаған кезде; - өтініштерді қарау және тараптардың татуласуы	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері	Түсуіне қарай	Өткізілген отырыстар мен хаттамалар

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізу күні мен уақыты: 25.09.2025 ж. сағат 13:30

Қатысқандар: 8 педагог

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы мен мүшелері;

Күн тәртібінде:

1.«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы;

2. Педагогтердің 2025-2026 жылға арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту.

3. 2025 жылға арналған білім беру ұйымындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың жоспарын талқылау,бекіту;

4. Баяндама: «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті»

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ирзабекова Динара сөз алды.

Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының заңдарына осы Қағидаларға,өзгеде нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік,әдептілік,қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

Педагогтер өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;

Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін делінгені туралы айтып өтті.

Кеңестің негізгі міндеттері:

1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;

3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;

4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Сонымен қатар, 2025 жылға арналған балабақшадағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы ұсыныс тасталды. Жоспар құру үшін кеңес мүшелерінің ұсыныстары тыңдалып, өзекті тақырыптар тыңдалды. Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы тоқсанына бір рет ұйымдастырылады.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Сантгалиева Н. И. педагогтың бойында болуы тиіс адалдық, патриотизм, педагогтың адами құндылықтары, кәсіби шеберлігі сияқты ізгі қасиеттердің болуы керектігін атап өтті. Педагог әрқашанда айналасындағы тұлғаларға үлгі бола білуі керек. Біздің ұжымдағы педагогтер өз ісінің маманы, әдептілікті сақтап үлгі бола біледі. Ата-аналармен, баламен жақсы қарым-қатынас жасай білетін педагогтер. Педагогикалық әдеп міндеттерімен таныстық. Кеңес құрамына толықтай келісемін. Жоспар осы тақырыптарды қамтығаны дұрыс деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды:

Таменова А. педагог әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін бірден бір жан болса, ол-ұстаз. Педагог қандай ортада жүрсе де педагогикалық әдепті ұстанғаны жөн. Көпшілік алдында да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Ұстаз ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды:

«Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы баяндаманы педагог-модератор, тәрбиеші Болатова Г. оқыды.

«Этика- әдепмәдениетін теориялық тұрғыдан сараптайтын философиялық ұғым. Педагогикалық әдеп этика ғылымының бір бөлігі болып табылады. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне «педагогикалық жол табу» деп анықтама беруге болады. Оны балалар сыртынан бақылау жүргізу деп те атауға болады, өйткені педагогикалық әдептің өзі К.Д Ушинскийдің айтқанындай түптеп келгенде педагогикалық әдепке анықтама беру үшін 3 түрлі көзқарасқа негізделеді:

* Балалармен қарым-қатынасқа жалпы адамзаттың әдептілігін сіңіру,

* Педагогтың жеке басының психологиялық ерекшелігі,

* Педагог шеберлігінің бір бөлігі,

Педагог этикасы-Педагог пен бала, ата-анамен педагог арасындағы қарым-қатынас болып табылады»- деп сөзін қорытындылады.

Шешім:

1. 2025 жылға арналған білім беру ұйымындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жоспары бекітілсін;
2. Педагогтар арасында сөйлеу мәдениеті мен педагогикалық әдепті сақтау бойынша жұмыстар жүргізілсін;

Білім беру ұйымының басшысы  Иртысбаева Д.О.
(қолы) А.Т.Ә. (болған жағдайда)

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізу күні мен уақыты: 08.01.2025ж. сағат 13:30

Қатысқандар: 7 педагог

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы мен мүшелері;

Күн тәртібінде:

1. № 1 отырыстың шешімдерін орындау туралы;
2. Ұжымда педагогикалық әдепті сақтау мәселелері бойынша сауалнама нәтижелері туралы;
3. Үздіксіз кәсіби даму-кадрларды даярлаудағы жетістіктер туралы;
4. Педагогикалық ұжымның педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша әлеуметтік желілерде жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы.

Тыңдалды:

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төрағасының бірінші мәселесі бойынша Таменова А. өткен отырыстағы шешімнің орындалысы бойынша балабақша әдіскері Ирзабекова Динара сөз алды.

Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.

Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін делінгені туралы айтып өтті.

Сонымен қатар, 2025 жылға арналған балабақшадағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың жоспарын бекіту туралы ұсыныс тасталды. Жоспар құру үшін кеңес мүшелерінің ұсыныстары тыңдалып, өзекті тақырыптар тыңдалды. **Тәрбиеші Таменова А.** педагогтың бойында болуы тиіс адалдық, патриотизм, педагогтың адами құндылықтары,

кәсіби шеберлігі сияқты ізгі қасиеттердің болуы керектігін атап өтті. Жоспар осы тақырыптарды қамтығаны дұрыс деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды:

«Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы баяндаманы кәсіподақ ұйымының төрағасы Г.Султанова оқыды.

«Этика- әдепмәдениетін теориялық тұрғыдан сараптайтын философиялық ұғым. Педагогикалық әдеп этика ғылымының бір бөлігі болып табылады. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне «педагогикалық жол табу» деп анықтама беруге болады. Оны балалар сыртынан бақылау жүргізу деп те атауға болады, өйткені педагогикалық әдептің өзі К.Д Ушинскийдің айтқанындай түптеп келгенде педагогикалық әдепке анықтама беру үшін 3 түрлі көзқарасқа негізделеді:

- * Балалармен қарым-қатынасқа жалпы адамзаттың әдептілігін сіңіру,
- * Педагогтың жеке басының психологиялық ерекшелігі,
- * Педагог шеберлігінің бір бөлігі,

Педагог этикасы-Педагог пен бала, ата-анамен педагог арасындағы қарым-қатынас болып табылады»- деп сөзін қорытындылады.

Шешім:

1. 2025 жылға арналған білім беру ұйымындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жоспары бекітілсін;
2. Педагогтар арасында сөйлеу мәдениеті мен педагогикалық әдепті сақтау бойынша жұмыстар жүргізілсін;

Білім беру ұйымының басшысы



Иррабекова Д.О

А.Т.Ө. (болған жағдайда)

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізу күні мен уақыты: 22.04.2026 ж. сағат 12:30

Қатысқандар: 8 педагог

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы мен мүшелері;

Күн тәртібінде:

1. **№2 отырыс шешімдерінің орындалуы туралы.**
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің нәтижелері туралы есеп.
3. Педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша жас мамандармен әңгімелесу нәтижелері туралы.
4. Қағидалардың педагогикалық этикасы туралы материалдар мен ақпаратты балабақша сайтында орналастыру туралы.
5. «Педагог» кәсіптік стандарты, педагогтердің кәсіби әдебі және қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау мәселелері.
6. **Кәсіби мәдениеттегі этикет:** педагогтердің сыртқы келбеті және педагогикалық әдептілік.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ирзабекова Динара сөз алды.

Кеңес төрағасы №2 отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Жоспарланған іс-шаралардың уақытылы орындалғанын, педагогтер арасында педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін атап өтті. Сонымен қатар ұжымда кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың жалғасып жатқанын жеткізді. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

Кеңес төрағасы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді. Есепте педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша өткізілген кеңестер, түсіндіру жұмыстары, семинарлар және жеке кеңестер туралы айтылды. Әдеп талаптарын сақтау бағытында жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі толық орындалғаны хабарланды.

Үшінші мәселе бойынша Директор жас мамандармен жүргізілген әңгімелесу нәтижелері туралы баяндады. Әңгімелесу барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті, педагогтің кәсіби келбеті мәселелері қарастырылғаны айтылды. Жас мамандарға әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстар берілгені атап өтілді.

Кеңестің негізгі міндеттері:

1. Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету және кәсіби этика мәдениетін қалыптастыру.
2. Білім беру ұйымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға және педагогтер, тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасындағы өзара сыйластықты нығайтуға ықпал ету.
3. Педагогтердің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының педагогикалық әдеп қағидалары мен «Педагог» кәсіптік стандарты талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының бұзылуының алдын алу, туындаған мәселелерді қарастыру және педагогтерге әдістемелік әрі консультативтік қолдау көрсету.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Болатова Г педагогикалық әдеп қағидаларына қатысты нормативтік құжаттар, әдістемелік материалдар мен ақпараттарды балабақшаның ресми сайтына жүйелі түрде орналастыру жұмыстары туралы баяндады. Бұл жұмыстардың педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыруға және ата-аналарды ақпараттандыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Тыңдалды:

Ирзабекова Д «Педагог» кәсіптік стандартының негізгі талаптары, педагогтердің кәсіби әдебі және қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау туралы баяндама жасады. Педагогтердің кәсіби жауапкершілігі, қызметтік әдепті сақтауы және білім беру ұйымының беделін арттырудағы рөлі жөнінде айтылды.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Таменова А педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері педагогтердің кәсіби мәдениеті, сыртқы келбетіне қойылатын талаптар және педагогикалық әдепті сақтау мәселелері жөнінде баяндама жасады. Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, ата-аналармен, тәрбиеленушілермен және әріптестерімен қарым-қатынас әдебі талқыланды.

Шешім:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысында қаралған мәселелерді талқылай отырып, кеңес төмендегідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. №2 отырыстың шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын және олардың орындалуына тұрақты бақылау жүргізілсін.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің нәтижелері туралы есеп бекітілсін. Жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар жалғастырылсын.
3. Жас мамандар арасында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру және тәлімгерлік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

4. Педагогикалық әдеп және педагогикалық этикаға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар, әдістемелік материалдар мен ақпараттар балабақшаның ресми сайтында тұрақты орналастырылып, жаңартылып отырсын.
5. «Педагог» кәсіптік стандартының талаптарын, педагогтердің кәсіби әдебі мен қызметтік мінез-құлық қағидаларын сақтау барлық педагогтер үшін міндетті түрде қамтамасыз етілсін.
6. Педагогтердің кәсіби мәдениетін, сыртқы келбетін және педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша профилактикалық және түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасына жүктелсін

Білім беру ұйымының басшысы



Ирабекова Д.О.

АТӨ. (болған жағдайда)

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №4 хаттамасы

Өткізу күні мен уақыты: 28.05.2026 ж. сағат 13:30

Қатысқандар: 8 педагог

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы мен мүшелері;

Күн тәртібінде:

1. №3 отырыстың шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу туралы.
3. Педагог қызметкерлердің 2025 жылғы педагогикалық әдеп жөніндегі қағидаларды сақтауы мониторингінің нәтижелері туралы.
4. Педагогикалық ұжымдағы жанжалдардың алдын алу және шешу. Кәсіби қызметтегі қарым-қатынас этикасы.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ирзабекова Динара сөз алды.

Кеңес төрағасы №3 отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Жоспарланған іс-шаралардың белгіленген мерзімде орындалғаны, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені және жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетілгені атап өтілді. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

Екінші мәселе бойыншы **Ирзабекова Д** педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша жүргізілген профилактикалық жұмыстар туралы баяндады. Педагогтер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру, ашықтық пен әділдік қағидаларын сақтау, қызметтік міндеттерді адал орындау мәселелері қарастырылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші **Сайтгалиева Н** Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері педагог қызметкерлердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мониторингінің нәтижелері туралы есеп берді. Мониторинг қорытындысы бойынша педагогтердің басым бөлігі педагогикалық әдеп талаптарын сақтайтыны анықталды. Сонымен қатар кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Педагог-психолог **Султанова Г** педагогикалық ұжымдағы жанжалдардың алдын алу және шешу жолдары, кәсіби қызметтегі қарым-қатынас этикасы туралы ақпараттық баяндама жасады. Педагогтердің өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынасты сақтау, іскерлік этиканы ұстану, жанжал

жағдайларын келіссөз арқылы шешу және қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру мәселелері қарастырылды

Кеңестің негізгі міндеттері:

1. Педагогикалық ұжымда педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету және кәсіби этика мәдениетін нығайту.
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстардың тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.
3. Педагогтердің 2025 жылғы педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мониторингінің нәтижелерін талдау, анықталған мәселелердің алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдау.
4. Педагогикалық ұжымдағы жанжалдардың алдын алу, өзара сыйластыққа негізделген кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды нығайту.

Шешім:

1. №3 отырыс шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
3. Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мониторингі жылдық жоспарға сәйкес жалғастырылсын.
4. Ұжымдағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетін нығайту және жанжалдардың алдын алу бойынша психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүйелі ұйымдастырылсын.
5. Осы хаттамада қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасына жүктелсін.

Білім беру ұйымының басшысы



Ибрабеева Д.О

А.Т.Ө. (болған жағдайда)